



Б А С П А С Ө З Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қаласы

2020 жылдың 04 тамызы

KASE қор нарығында биржалық сауда-саттықты ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіне ауыстырды және қор нарығының барлық қаржы құралдары үшін орталық контрагенті болып табылды

2020 жылдың 03 тамызында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) өндірістік пайдалануға ASTS+ (TKC ASTS+) сауда-клирингілік жүйесінің екінші релизін енгізді.

03 тамыздан бастап, ASTS+ жүйесінде 620 қаржы құралы саудаланады, оның ішінде 469 бағалы қағаздар шығарылымы қор нарығының сату-сатып алу секторында және автоматты репо нарығының 151 құралы. Сонымен қатар, қаржы құралдарының 177 құралы Т+2 есептеулерімен жүргізіледі.

ASTS+ қол жетімді барлық сауда құралдарымен орташа күндік көлемі 411,5 млрд теңгені құрайды (қор нарығында 27,3 млрд теңге және автоматты репо операцияларымен 384,3 млрд теңге).

Қазіргі кезде ASTS+ сауда-саттық:

- 133 акциялармен;
- 223 облигациялармен;
- 234 мемлекеттік бағалы қағаздармен (оның ішінде 7 қағаз шет елдік эмитенттердікі);
- 11 инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарымен;
- 25 халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарымен;
- 3 туынды бағалы қағаздары;
- 287 репо нарығы құралдары жүргізіледі.

2020 жылдың 03 тамызынан бастап, KASE барлық бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша қор нарығында орталық контрагент қызметін атқарады, қаржы құралдарымен бірге репо операцияларынан басқа, гросс-негізде – әрбір мәміле бойынша есептеулер.

Орталық контрагентпен барлық мәмілелер бойынша нетто-негізде оларды есептеу клирингілік сессиясында орындау үшін, клирингілік қатысушылардың нетто - позицияларын анықтау арқылы клиринг жүргізіледі. Биржа, ондай мәмілелер бойынша орталық контрагент ретінде олардың орындалуына кепілдік береді.

Орталық контрагентпен мәмілелер бойынша ақшамен есептеулерді KASE "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында мәмілелер бойынша корреспонденттік шотын пайдалану арқылы өз бетінше жүргізеді.

Қазақстан қор биржасында жасалған мәмілелер бойынша барлық бағалы қағаздар бойынша есептеу ұйымы KASE "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ болып табылады, ол сондай-ақ орталық контрагенттің қатысуынсыз жүргізілген мәмілелер бойынша есептеулерді жүргізеді.

ASTS+ жүйесі 2018 жылдың 10 қазанындағы KASE және MOEX арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы Ынтымақтастық туралы Келісімді жүзеге асыру аясында "Мәскеу биржасы" (MOEX) БАҚ СКЖ аясында әзірленген және жоғары өндірістілікті, тұрақтылық пен сауда үшін үлкен қаржы құралдары спектрі үшін сауда-саттық режимінің кең ауқымының болуы.

"Біз, ASTS+ жаңа сауда-саттық жүйесін енгізу бойынша ауқымды жобаны және биржалық қор нарығында орталық контрагент қызметін табысты аяқтағаны туралы хабарлауға қуаныштымыз, оны жүзеге асыру 1,5 жыл бойы біздің клиенттеріміз, реттеушілеріміз бен серіктестеріміздің ықпалымен жүргізілді. Бұл Мәскеу биржасымен стратегиялық серіктестік аясындағы маңызды қадам болып табылады. Халықаралық стандарттарға сәйкес ASTS+ технологиясы тиімді әрі ұйымдасқан жұмысына сәйкес, біздің қор және ақша нарығының әлеуетті және қолданыстағы қатысушылары үшін қол жетімді болды.

KASE 2019-2021 жылдарға арналған даму стратегиясын жүзеге асыру аясында, KASE биржаның сервисін жақсартуға бағытталған өзінің IT-жүйесінің қызметін барлық биржалық нарықта орталық контрагент қызметін жүзеге асырады, ол шет елдік қатысушыларды нарыққа тартуға ықпал етеді және қор нарығының өтімділігін арттырудың салдары ретінде", – деп атап өтті KASE Басқармасының Төрағасы Алина Алдамберген.

"Біздің биржаның біріккен командасы қор және KASE қаржы нарығы үшін Мәскеу биржасының технологиясын енгізуді аяқтады. Сауда-саттық, клиринг және тәуекел-менеджментінің жаңа технологиясы қазақстандық нарық қатысушыларына жаңа құралдар мен сервистерді ұсынады, нарықтың өтімділігін арттыруға ықпал етеді. KASE валюталық нарығы платфоормасын жаңарту кезегі тұр, ол осы жылдың соңына қарай аяқтауды жоспарлап отыр. Бүгін біз Қазақстан мен Ресей нарығының жақындай түсуіне тағы бір қадам жасадық. Нарықтың бірыңғай технологиялық стандарты екі елдің банктері мен брокерлеріне ең төменгі шығыстармен біздің биржалық нарыққа рұқсат алуына және өзінің клиенттеріне екі нарықтың құралдарын ұсынуға мүмкіндік береді", – деп атап өтті MOEX Басқармасы Төрағасы Юрий Денисов.

Жаңа сауда-клиринг жүйесінің арқасында алғаш рет Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған нарығында қор нарығының барлық мәміле түрлері бойынша қатысушылардың неттинг позициясы енгізілген. Бұл Биржа мүшелерінің өтімділікті басқару тиімділігін біршама арттырады және олардың транзакциялық шығыстарын төмендетуге әкеледі.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және саудасаттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.